

Конкурсқа қатысуға үміткерлердің, конкурсқа қатысушылардың конкурсқа қатысу барысындағы және емтихан материалдарымен, жауап парақтарымен жұмыс істеу тәртібінің ережесі

Конкурс барысында конкурсқа қатысуға үміткерлерге және (немесе) конкурсқа қатысушыларға тыйым салынады:

1) емтихан материалдарын, жауап парақтарын өзара алмасуға және көшіріп жазуға;

2) анықтамалық ақпараттары бар кез келген материалдарды, соның ішінде оқулықтар, кітаптар, шпаргалкалар, сөздіктер, сызғыштар, қаламсауыттар және басқа да осындай заттарды өзімен бірге алуға немесе пайдалануға;

3) кез келген іздеу жүйелерін, сайттарды, жасанды интеллекті бар ресурстарды, ұялы телефондарды, смартфондарды, планшеттерді, смарт-сағаттарды, фото/аудио/видео жазатын және (немесе) тасымалдайтын электронды құрылғыларды, калькуляторларды және басқа ақпараттық-есептеу құрылғыларын кешенді тестілеу басталған сәттен оның аяқталуына дейін тестілеу аудиториясында, аудиториядан тыс (дәлізде, гардеробта, санитарлық тораптарда және т.б.) өзімен бірге алып жүруге немесе пайдалануға;

4) тестілеу уақыты аяқталғаннан кейін жауап парағын толтыруға және қаламмен, қарындашпен жазуға, сондай-ақ емтихан материалдарын, жауап парағын, шимай парақты және тапсырма жазбаларын тестілеу аудиториясынан алып шығуға;

5) тестілеу әкімшісі немесе кезекшінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға, басқа конкурсқа қатысуға үміткерлермен, конкурсқа қатысушылармен сөйлесуге, өз бетінше орнын ауыстыруға, орнынан тұруға немесе аудитория ішінде жүруге, сондай-ақ басқа конкурсқа қатысуға үміткерлерге, конкурсқа қатысушыларына тест тапсырмаларын орындауға кедергі келтіретін шу немесе өзге де әрекеттер жасауға;

6) қарындаштар мен түзетуші сұйықтықтарды пайдалануға, жауап парағын қарасиялы шарикті қаламсаптан басқа гельді және басқа да сия түрлерімен жазатын қаламсаппен толтыруға;

7) бір тапсырмаға екі немесе одан да көп жауап нұсқаларын бояуға, жауапты толық боямауға (толық боялмаған немесе бір тапсырмаға бірден артық жауап боялған жағдайда жауап есептелінбейді);

8) жауап парағында жауаптарды сызуға, ластауға, бүктеуге, жыртуға, емтихан материалдарын және жауап парақтарын бүлдіруге, жауап парағын шимай парақ ретінде пайдалануға, сондай-ақ арнайы бөлінген секторлардан тыс жерлерге белгілер немесе жазбалар жазуға;

9) рұқсатнама қағазын шимай парақ ретінде пайдалануға;

10) балағат сөздер жазуға, конкурсқа қатысуға үміткерлерге, конкурсқа қатысушылар мен қабылдау комиссиясы мүшелеріне құрметсіздік көрсетуге, жеке байланыс деректерін көрсетуге тыйым салынады.

Конкурсқа қатысуға үміткерлер және (немесе) конкурсқа қатысушылар жоғарыдағы ережелерді бұзған жағдайда Зияткерлік мектеп оны кешенді тестілеу нәтижелерін жойып конкурстан шеттетуге құқылы.